

**Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар»
(Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде) атты «6D020500 –
Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша
П І К І Р І**

р / н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағытына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс әдебиеттану ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді және Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламалық мақалаларының мақсаттарын шешуді көздейді.</p> <p>Г.О.Мүрсәлімнің «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар» (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде) диссертациялық жұмысы қазіргі қазақ лирика жанрының, оның ішінде мифологиялық сарындардың берілу ерекшелігін талдап, дәйектеуге құрылған. Зерттеу бүгінгі әдебиеттанудағы ғылыми зерттеу бағыттарымен өзектес. Диссертация ҚР сәйкес орындалған. Диссертант бүгінгі ұлттық әдебиеттанудың ғылыми басым бағыттарын, оның ішінде жанр, әдіс, әдіснама ұғымдарын дәйектеп, жекелеген жанр мен тұлғалардың шығармашылық бағытын, ерекшелігін, оның ішінде әдебиет пен фольклор, әдебиет пен мифология арасындағы әр тарапты күрделі сабақтастықты қамтыған. Нәтижесінде зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары ҚР БҒМ диссертацияға қойылатын талаптар деңгейіне сай деп айтуға болады.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосумен маңызды. Себебі мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасына және қазақтың қай замандағы болмысының бірегей көрінісі болған Мәңгілік Ел мұратына сәйкес көне әдеби үлгілер, адамзаттың дамуындағы рухани құндылықтардың бүгінгі замандағы көрінісі, сабақтастығы мен ықпалдастығы аса өзекті. Осы ретте, мифологиялық сарындардың бүгінгі лирика жанрындағы көрінісін талдап, дәйектеу маңызды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан тұрады. Диссертант алға қойған мақсат-міндеттеріне жету үшін зерттеудің өзектілігін айқындап, нақты міндеттерді саралап көрсеткен. Ізденіс барысында жасаған тұжырымдарында диссертанттың дербес пікір-пайымы бар.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациядағы қозғалған мәселелер өзекті. Диссертацияның ішкі мазмұны, құрылымы негізінен жүйелі. Диссертант бірінші тарауда мифологизмді теориялық жағынан қарастырса, екінші тарауда қазақ поэзиясында мифологиялық сарынның берілу тәсілдерін талдаған. Оның ішінде өзі нысан еткен ақындардың лирикадағы мифологиялық сарындарды айқындайтын категорияларды талдап, негіздей алған. Әр тарау бойынша жасалған тұжырымдар мен жұмыстың қорытынды бөлімі арасындағы сәйкестік сақталған. Ендеше, диссертация құрылымы, тарау мен тараушалар арасындағы логикалық қисындылық бар.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыс мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация тақырыбына өзектес ғылыми проблемаларды әр кезеңде қарастырған отандық және шетелдік зерттеушілердің іргелі еңбектері басшылыққа алынған. Сол арқылы мифология мен лирика жанрының даму тенденциясын кешенді-салыстырмалы түрде қарастыра алған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 4) толық байланысқан; 5) жартылай	Диссертанттың зерттеу тақырыбын айқындап, негізгі нысанын, әдіснамалық негізін, зерттеу ұстанымдарын саралай алуы жұмыстың мақсаты мен міндеттерінен байқалады. Зерттеу бағыты тұрғысында күрделі проблемаларды – миф, мифология мен әдебиеттанудың көне жанры лирика арасындағы сабақтастықты зерттеуі өзекті. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеті тақырыбына сәйкеседі. Диссертацияның <i>бірінші бөлімінде</i> қазақ поэзиясындағы мифологизмнің көрінісін – мифтің философиялық бастауынан әр ғылым саласында негізделуін жүйелі қарастырған. Оның ішінде миф пен мифологияны, қазақ мифологиясын өзге жанрлармен салыстыра қарастырған ғалымдардың маңызды зерттеулеріне шолу жасап, негізгі тұжырымдарды жүйелеген. Соның нәтижесінде мифологияның даму үрдісі, ішкі проблемалары, оларды зерттеу аясының кеңеюі мифологияның дербес ғылыми сипатының айқындалуына, зерттеу өзегіне айналуының әдіснамалық-теориялық заңдылықтарына саралануы салмақты. Сөйтіп, бүгінгі әдебиетте мифті танып-білудің жаңа дәуірінің көрініс бергенін, көркемдік тұрғыда түрленгенін, сол арқылы сөз өнеріндегі

		байланысқан; б) байланыс жоқ	Ұлттық танымның беки түскенін негіздейді.
			<p>Диссертациялық жұмыстың <i>екінші бөлімінде</i> қазақ поэзиясындағы мифологиялық сарындар талданады. Бұл ретте диссертант бірінші бөлімде жүйелеген теориялық-әдіснамалық қисындарды көркем мәтіндер арқылы дәйектейді. Яғни, Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасындағы мифологиялық сарынның берілу ерекшеліктері талданады. Бұл бөлімнің негіздемесінің өзі осы мәтіндік талдаулар жүйесінде көрінеді. Мифологияның ауқымды кеңістігі үш ақынның поэзиясындағы дербес, көркемдік-стильдік ерекшеліктері мен тілдік қолданыстары арқылы дәйектеледі. Бұл ретте диссертант қолданған талдау, салыстыру, қорыту әдістерінің ұтымдылығы көрінеді. Диссертант ақындардың көркемдік кеңістігіндегі мифологизм нышандарын тотем, реминисценция, архетип, сакральділік, топонимикалық атаулар арқылы ашқан. Бір өлкеден шыққан ақындардың сөз қолданысы, танымы, шеберлігі жарыспалы түрде салыстырылып отырады. Осы арқылы жалпы қазақ поэзиясы дамуындағы ұлттық бағдардың тереңдегені, ақындардың ана тілінің байлығын ұтымды, терең, бірегей сипатта қолдана алуы шынайы дәлелденген. Яғни көнедегі ойлау жүйесінің, ұлттық дүниетанымның байлығы, ерекшелігі ашыла түскен әрі бүгінгі сөз өнерінің ең басым белгісі екендігі дәйектелген. Диссертанттың зерттеудегі қол жеткізген нәтижелері ізденіс жұмысы құрылымының нақты, логикалық тұрғыдан айқын, әдіснамалық тұрғыда біртұтас екендігін көрсетеді. Диссертацияның әр бөлімі, мен тараушалары мазмұнының арасында логикалық байланыс пен ғылыми жүйе сабақтастығы бар. Зерттеудің екі бөлімінің мазмұны мен тұжырымдары өзара толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, 	<p>Диссертациялық жұмыста қаралып отырған мәселе мақсат-міндетіне сай терең зерттелген және зерттеу нысанына байланысты әр тарапты пікір білдіретін ғылыми көзқарастар, ғылыми пайымдаулар жасалған. Ізденуші отандық және шетелдік ғылыми ізденіс нәтижелеріне сүйене отырып, сыни талдаулар жүргізген.</p>

		басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылым и жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. Диссертанттың қол жеткізген нәтижелері өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталған. Бүгінгідей ғылым салаларының ықпалдаса дамуы жағдайында көнеден келе жатқан мұралардың, әр елдің өз дүниетанымына сәйкес жинақталған мифтік таным-түсініктердің ықпалы кеңейе түседі. Мифология – адамзаттық деңгейдегі таным мен тарихи сана-сезімді айқындайтын құбылыс. Кез-келген халықтың, адамзаттық сананың даму тарихының бастауы болатын бұл қабаттың көпқырлылығы, жан-жақтылығы қашан да дәлелдене бермек. Осы ретте, зерттеуші өзінің нысан еткен тақырыбын, оның нәтижелерін неғұрлым толық ашуға тырысқан.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болыптабылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Себебі:</p> <p>1. Мифологиялық сарындардың қазіргі қазақ поэзиясындағы көрінісі ғылыми ықпалдастық сипатында – философия, әлеуметтану, психология, этнография тұрғысында ашылған;</p> <p>2. Ұлттық мифологияның өміршеңдігі бүгінгі қазақ поэзиясы арқауында шынайы дәйектелген. Мифология көркемдік таным мен қабылдауды, әлем мен жаратылыс құбылысын терең тануды орнықтырып, оның көпқабаттылығын айқындай түседі;</p> <p>3. Мифология суреткерлік шеберлікті, көркемдік болмысты неғұрлым тереңдетеді. Мифологиялық сарын бүгінгі сөз өнерінің айшықтылығын, эмоциялылығын, тілдік-бейнелілік сипатын тереңдетіп, көнеден орныққан құбылыстардың ерекшелігін жаңғырта түседі;</p> <p>4. Әдебиеттегі мифологизм – бұл тек дайын элементтерді (образдар, сюжеттік мотивтер, көркемдегіш құралдар) пайдалану ғана емес. Бұл қандай да бір автор шығармашылығындағы (нақты туындысының) көркемдік принциптердің түгелдей немесе түгелге жуық халық шығармашылығына сәйкесуі. Бұл ерекшелік әдеби мәтіннің көркемдік қабатын тереңдетеді;</p> <p>5. Мифологиялық сарындардың түрлене жұмсалуды, ондағы жанр, бейне, тәсіл ұғымдарын барынша кеңейтеді. Мифологизмнің әдебиетке әсер етуі күні бүгінге дейін созылып келе жатқан құбылыс. Ол өзінің идеялық-эстетикалық мәнін жоғалтпай, қаламгердің шығармашылығына бай рухани қазына бола алады.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болыптабылады)</p>	Технологиялық шешімдері жартылай жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Гүлнұр Мүрсәлімнің диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдар нақты мәтіндік талдау, әдебиеттануда орныққан теориялық қисындар негізінде қарастырылып, зерттеуге қатысты ғалымдар тарапынан әр кезеңде айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p>	<p>Мифология - өнердің бастауы. Мифологияның өзіне тән ерекшелігі оны филология ғылымдарынан тыс саламен де ықпалдастырады. Атап айтқанда фольклористика, этнография, халықтану, музыка, бейнелеу өнері, әлеуметтану салаларымен шектеседі. Мифологизм тұрмыстық контекспен санасуға да тиіс. Осы ретте, әдебиеттанушы да көркемдік құбылыстың жалпы тарихи-мәдени «контексін» назарға алады. Әдебиет - әлеуметтік және мәдени құбылыс. Мифологизм жалпыәлемдік мәдениеттің тоғысында бүгінгі қоғамдағы рухани жаңғыру, Мәңгілік Ел құндылықтарымен өзектес. Ендеше, диссертацияның зерттеу ауқымы кең әрі жаңаша кешенді сипатта.</p>

		<p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ізденушінің диссертацияда қалыптастырылған әрбір нәтижесінің (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық деңгейі– <i>1-ші нәтиже жаңа</i>, мифологизмнің әдеби туындыға ықпалының теориялық-әдіснамалық сипаты дәйектелді; <i>2 – нәтиже жаңа</i>, бүгінгі сөз өнерінің (қазақ лирикасының) ұлттық, ментальділік, танымдық және көркемдік сипатына кешенді талдау жүргізілді; <i>3-- нәтиже жаңа</i>, мифологизм сөздің мән-маңызын, қолдану қабатын, бейнелілігін тереңдететіні, мифологиялық сарындардың жекелеген ақындар шығармашылығындағы дәстүр, бейне, тәсіл, жанр тоғысында жаңғырта алатыны айқындалды; <i>4- нәтиже жаңа</i>, әдебиеттегі мифологизм элементтері қандай да бір автор шығармашылығындағы (нақты туындысының) көркемдік принциптерді халық шығармашылығына сәйкестендіріп, әдеби мәтіннің көркемдік қабатын тереңдете түседі; <i>5 – нәтиже жаңа</i>, мифологиялық сарындардың түрлене жұмсалуы ондағы негізгі ұғымдарды барынша кеңейтеді.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, негізді таңдалған.</p> <p>Диссертация жұмысының 2-тарауындағы нәтижелер компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректері өңделген.</p>

		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жұмыста отандық және шетел ғалымдардың ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеуде 148 әдебиетке шолу жасалған.</p>

9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызыбар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Халықтың мәдени коды – сол елдің мәдениеті мен әдебиетін сәйкестендіретін ақпараттар жүйесі. Көркемдік ойлау адам баласының танымдық қабылдауын, фантазиясын кеңейтті. Қай халықта болсын сөз өнерінің табиғаты тым тереңде. Адам баласы жалпы тіл, сөз өнерінің ерекше қасиетін ерте аңдап, оның мән-мағынасын дәуір жылжыған сайын тереңдетіп отырған. Тіпті сөздің күші халықтың тұрмыс-салтының, діни сенімінің де көрінісіне айналды. Өздерінің тұрмыс-тіршілігіндегі дәстүрді, ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерді сөз арқылы бейнелеп, оның белгі, ишара, таңба түріндегі сан қырлы ерекшелігін толықтырған. Сөздің магиялық сипатын ерекше дәріптеп, өздерінің тұрмысында орныққан дәстүр, ырым-жоралғы, салттың көрінісін әр түрлі сөз формалары арқылы жеткізген. Осы ерекшеліктер жинақтала келе, ғасырлар кеңістігінде орнығып, бүгінге дейін жетті. Халық өзінің таным дүниесіндегі, жадындағы түсініктерді, көне бейнелерді үнемі жаңғыртып, оған оралып отырды. Бұл әрі қарай ұлттың қалыптасуын, оның тарихын, әлеуметтік-саяси жағдайын, мәдени құбылыстарды айғақтайтын тұрақтылыққа ойысты. Сөйтіп, халық болмысында бекіген ұлттық код пайда болды. Оның мән-маңызы - ұлттық санадағы құбылыстардың қасиетін саралап, оның өткендегі және болашақтағы рөлін бағамдау, сол арқылы ұлт келбетінің бірегей болмысын таныту. Диссертациялық еңбек сөз өнерінің, мифологизмнің осы сипатын танытуымен маңызды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның нәтижелерін практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін, жинақталған материалдар мен тұжырымдарды жоғары оқу орындарында «Қазақ поэзиясы және мифология», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Миф және поэзия» сияқты элективті пәндерді жүргізуге, оқу-әдістемелік құралдарын жазу барысында пайдалануға болады. Осы бағыттағы ғылыми зерттеулерге дереккөз де бола алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болыптабылады.</p>

1 0.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың сапасы 6D020500 - «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді. Академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің құндылығын бағалай келе, төмендегі ұсыныстар мен кемшіліктерді атап өтейік: 1. Диссертант миф пен мифология, оның даму сатыларына қатысты ғылыми тұжырымдарды бергенде кейде хронологиялық дәлдік сақтала бермейді. 1. 2. Диссертация мазмұнында «1.4. Миф кейіпкерлерінің жазба поэзиядағы бейнесіне компаративистикалық талдау; 2.1.1. Т.Әбдікәкімұлы поэзиясындағы постмодернизм; 2.2.1 Ұ.Есдәулет поэзиясындағы мифологизм және идиллия жанры» секілді проблемалар алынған. Бұл мәселелер тарауша деңгейінде қарастырылған. Мәселен, компаративистикалық талдаудың дәйектелуі жеткіліксіз.
---------	---------------------------	--	---


Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі жоғарыда айтылған ғылыми пікірді негізге ала отырып, «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысының мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы айқын, зерттеу нәтижелері ғылыми талаптардың мүддесінен шығады.

Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде)» тақырыбындағы диссертациясы ҚР БҒМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызын «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты



Қ.М.Байтанасова

«19» тамыз 2021 ж.з

